

## Мақтаарал аграрлық колледжі қамқоршылық кеңесі отырысы

### ХАТТАМА №1

11.12.2020ж

Қатысқандар: 11

#### Күн тәртібі:

- 1.2020-2021 оқу жылына колледждің Қамқоршылық Кеңесінің құрамын бекіту және ережесімен таныстыру
- 2.Қамқоршылық Кеңес мүшелерінің міндеттерімен таныстыру
- 3.2020-2021 оқу жылына арналған Қамқоршылық Кеңесінің жоспарын бекіту
- 4.Материалдық-техникалық базаны күшейту мәселелерін шешу үшін колледждің материалдық-техникалық базасымен танысу

Мақтаарал аграрлық колледжі қамқоршылық кеңесінің төрағасы Мырзакулов Қалжан Кулмуратович кеңес мүшелерін күн тәртібіндегі мәселелермен және Қамқоршылық кеңестің ережесімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 2020 жылғы 10 ақпандағы «Қамқоршылық кеңесін қайта құру туралы» №32 бұйрығына өзгеріс енгізіліп, 11.12.2020 жылғы №252 бұйрыққа сәйкес кеңес құрамына өзгеріс енгізілгенін хабарлады.

Екінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Қ. Мырзакулов кеңес мүшелерін кеңестің атқаратын жұмыс барысымен таныстырды.

Қамқоршылық кеңестің 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары кеңес мүшелерінің назарына ұсынылып, талданып, мақұлданып бекітілді. Кеңес мүшелері колледжде білім сапасын арттару мақсатында колледжің материалдық-техникалық базасын күшейту мәселелерін шешу үшін колледждің материалдық-техникалық базасымен танысуға колледж директоры Н.Алипбековпен бірге танысты.

Кеңес төрағасы Республикалық, қалалық және колледжішілік іс-шараларына колледждің Қамқоршылық Кеңесі мүшелерінің қатысуы кеңес мүшелерінің өз міндеттері туралы ақпараттар қорын молайтуға, жұмыстың алға басыуына ықпал ететінін айтты. Сондықтан іс-шараларға белсенді қатысуға шақырды.

#### Қаулы:

1.2020-2021 оқу жылына Мақтаарал аграрлық колледжі қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілсін:

1. Төрағасы: Мырзакулов Қалжан Кулмуратович, зейнеткер
2. Мүшелері:Т. Қалдыбаева Айғаным, ата-аналар комитетінің төрайымы

3. Нуржанов Талғат Усманиевич, Мақтаарал АПБ –сы ПБ-ның ЖТҚ-ға УПИ-ры полиция майоры
  4. Жуманов Бақыт, Мақтаарал білім бөлімінің бас бухгалтері
  5. Сейфуллаев Қалмурат Шакарович, Шаруа қожалығының басшысы
  6. Алтынбеков Қазыбек Маханбетович, жеке кәсіпкер
  7. Ботабеков Махан, жеке кәсіпкер
  8. Абдиев Қуатбек, ата-ана
  9. Копжасаров Сундет Дарменбаевич, Мақтаарал АПБ-сы 2ПБ-ның ЖПҚ-ға КТТЖИ-ры полиция капитаны
  10. Арынова Жанат, хатшы
2. 2019-2020 оқу жылына колледждің Қамқоршылық Кеңесінің жоспары бекітілсін.

Кеңес төрағасы: Мырзакулов Қ. К.  
Хатшы:  Арынова Ж.С.